

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған**

**ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 5 20 23 жылғы "27" сәуірт

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

**Күн тәртібі**

1. Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау барысы.
2. «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс – тәсілдері»
3. «Оқушымен кері байланыс орнатудың жолдары»
4. География және ағылшын тілі пәнінің жүргізілу сапасы
5. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының нәтижесі
6. 2 тоқсан орытындысы бойынша төмен пайыз көрсеткен пәндерді мониторингілеу, бақылау қорытындысы
7. ТЖБ қорытындысын бақылау
8. Шығармашылық топ жұмысының талдауы

Отырыс барысы

**Тыңдалды:**

Ең алдымен мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Смаилова С.Қ. 2022 жылдың 23 желтоқсанда өткен №4 ӘК қаулысының орындалуы туралы есепке тоқталды. №3 ӘК отырысының шешіміне сәйкес дарынды оқушылармен жұмыс, 7-11 сынып оқушыларының аудандық олимпиадаға дайындығы, мектеп құжаттарының жүргізілуі, оқушылардың дәптерлерінің жүргізілуі қадағаланды.

№5 отырыстың бірінші сұрағы бойынша Смаилова С.К. 2022-2023 оқу жылының 1 жартыжылдығының барлық оқу пәндері бойынша сыныптардың оқу бағдарламасын орындауы тексерілді. Негіз ретінде мұғалімдердің бағдарламалары мен күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары kundelik.kz электронды журналы бойынша тексерілді. Жоспардың бағдарламаға сәйкес құрылуы қадағаланды. Сынып журналдары жоспар бойынша толтырылуы бақыланды. Жартыжылдыққа жоспарланған бағдарлама 100% орындалды.

**Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – Пәндер бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Сынып журналдарын жоспар бойынша толтырылуын қамтамасыз ету керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша КТЖ, курстар мен факультативтік жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.
2. Білім беру стандартын 100% орындау;

Екінші сұрақ бойынша қазақ тілі пәнінің мұғалімі С.С.Кункенов «Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдіс – тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады. «Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының пәндік білімді игеріп қоюы өте аздық етеді. Бүгінде оқушының функционалды сауатты болуы, пәндік білімін өмірмен ұштастырып, оны тұрмыста қажетіне жарата алуы маңызды. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Lesson Study жүргізудің негізгі мақсаты оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру болғандықтан, сабақта негізінен мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарланғандықтан, сабақ жоспарында балалардың пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалып, әдістері таңдап алынды» деп тоқталды.

#### **Сөз сөйлегендер:**

Хуат А. – Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау сабақта немесе үйде күнделікті жұмыс үрдісінде білімі мен дағдысының ағымдағы дәрежесін анықтау, оқу үрдісінде оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты жандандыру. Ол оқушыларға білім алудың мақсаты мен міндеттеріне қаншалықты жеткені, жаңа тақырып меңгеру кезінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындап жатқаны туралы түсінік береді.

#### **Қаулы етеді:**

##### Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарын жүргізу;  
Үшінші сұрақ бойынша химия, биология пәнінің мұғалімі Л.Дуйсенбаева «Оқушымен кері байланыс орнатудың жолдары» тақырыбында баяндама жасады. «Зерттеулерге сүйенсек, кері байланыс неғұрлым жағымсыз болса, оқушылардың оқуы мен ынтасына кері әсерін тигізетінін көреміз. Оқушының оқуын жақсарту үшін, оқу жетістігін ілгерілетуде жағымды кері байланыстың ықпалы зор болады. Әйтсе де оқушының оқуына кері әсерін тигізбеу үшін, оның жұмысын дұрыс бағалауда кері байланыстың ең тиімдісін сұрыптай алу керек. Өз оқушыларының жұмыстарынан үнемі оң нәтижелерді көре білетін мұғалімдер – ұстаздардың ұстазы. Мұғалім оқушыға кері байланыс беруде тек оның білімді меңгеруіне ғана емес, оның тәрбиесіне де жауапты болады. яғни сыныпқа келген оқушы өзінің уақытының босқа өтпегенін сезінуі керек» деп тоқталып, сабақта қолданылатын кері байланыс түрлерімен бөлісті.

**Сөз сөйлегендер:**

Дүкенбаева Н.Е. – Кері байланыс оқушыға нені дұрыс, нені қате істегенін көрсету мақсатында беріледі. Дегенмен де басымдық оқушының нені дұрыс орындағанына бағытталуы керек. Себебі, оқушыға орындаған жұмысынан нені дұрыс орындағанын білу оның оқуын жақсартуға ықпал етсе, қателігін түзету - оның ілгерілеуіне септігін тигізеді.

**Қаулы етеді:**Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Сабақта кері байланыстың түрлі әдістерін қолдану арқылы оқушының пәнге деген ынтасын арттыру;

Төртінші сұрақ бойынша С.Смаилова желтоқсан айында бақылауда болған география және ағылшын тілі пәнінің жүргізілу сапасына тоқталды. Негізінен әр сабаққа қатысқан соң барлық сабақтар пән мұғалімдерімен талданады. Барлық сабақтарға қатысу нәтижесі бойынша: Сабаққа қатысу барысында сабақ жоспарлары №130 бұйрық негізінде құрылатыны анықталды. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттары негізінде құрылатыны байқалды. Сабақ мақсатын және күтілетін нәтижені қоюға оқушылар үнемі тартыла бермейтіні де анықталды, кейбір сабақтарда сабақ мақсаты мүлдем қойылмайды. Сабақ барысында мұғалім тапсырмаларға нұсқаулықты нақты береді, ашық, жабық сұрақтар қояды, ұсынылған ақпарат нәтижеге жетуге бағытталған. Төмен оқитын оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілмейді. Қалыптастырушы бағалау жүргізу үшін арнайы тапсырмалар үнемі берілмейді. ҚБ сабаққа қатысу бойынша ғана қойылады. Пәндік сауаттылықты дамыту үшін түрлі тапсырмалар жүргізіледі. Сабақтарда оқушылармен кері байланыс жүргізіліп отырады. Көптеген сабақтарда белсенді әдіс – тәсілдер қолданылмайды, сабақ бірсарынды өтеді.

**Сөз сөйлегендер:**

Серғазы Ж. – Пән бойынша олқылықтарды жою бойынша жұмыстар сирек жүргізіледі. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізілу керек.. Оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыру жұмыстары жүргізілсе.

**Қаулы етеді:**Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сабақты жоспарлауда әдіс – тәсілдерді қолдану.
2. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру жұмыстарын жүргізу;

3. Үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмысты сабақта жүргізу.

№5 сұрақ бойынша С.К. Смаилова 2-4 сынып оқушыларның оқу жылдамдығының нәтижесіне тоқталды. Оқушылардың оқу тәсілдері, сөздерді оқу дұрыстығы, шапшаңдығы, оқыған мәтінді түсіну деңгейлері бақыланған болатын. Нәтижесі бойынша анықтама жасалды, мұғалімдерге ұсыныстар берілді.

**Сөз сөйлегендер:**


Кункенова М.Н. – оқушылардың оқу жылдамдығы мәтінді түсініп оқуына әсер етеді. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы жоғары деңгейге жетуге болады.

**Қаулы етеді:**


Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мәтінді оқығанда тек шапшаңдығын ғана емес, мәтінді түсіну деңгейін қамтамасыз ету керек;
  2. Оқушылардың көркем- әдеби шығармалар оқуын ұйымдастыру;
- №6 сұрақ бойынша С.К. Смаилова 2 тоқсан орытындысы бойынша төмен пайыз көрсеткен пәндерді мониторингілеу, бақылау қорытындысы бойынша есеп берді.


Гуманитарлық бірлестік қорытындысы



Жаратылыстану - математикалық бірлестік



### Бастауыш сынып бірлестігі



2022-2023 оқу жылының 2 тоқсан бойынша сыныптардың білім сапасының мониторингісіне жеке тоқталды.

Сынып	Оқушы саны	Үздік оқушылар саны	Жақсы оқитын оқушылар саны	Білім сапасы	1 тоқсанмен салыстырмалы түрде
1 А	22				
1 Б	4				
2 А	28	4	11	53	+3
2 Б	9	3	2	55	-
3 А	29	7	11	62	+7
4 А	23	2	11	56	+2
4 Б	5	0	4	80	+20
<b>Бастауыш буын</b>	<b>120</b>	<b>16</b>	<b>39</b>	<b>58</b>	<b>+5</b>
5 А	19	5	7	63	-
5 Б	5	3	1	80	-
6 А	22	4	8	54	-6
6 Б	6	1	4	83	+1
7 А	23	3	7	43	-
7 Б	8	1	3	50	+25
8 А	18	2	7	50	-5
9 А	15	1	6	46	-
9 Б	5	0	3	60	-
<b>Орта буын</b>	<b>121</b>	<b>20</b>	<b>46</b>	<b>54</b>	<b>-1</b>
10 А	14	0	8	57	-
11 А	8	0	3	37	+4
<b>Жоғары буын</b>	<b>22</b>	<b>0</b>	<b>11</b>	<b>50</b>	<b>+3</b>
<b>Жалпы мектеп</b>	<b>263</b>	<b>36</b>	<b>96</b>	<b>55,7</b>	<b>+1,8</b>

**Сөз сөйлегендер:**

Назарбекова С.А. – сапалы білім беру, заманға сай тұлға тәрбиелеу біздің басты мақсат және міндет. Біздің оқушыға көрсеткен қызметіміз тиісті деңгейде болу керек.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Оқушылардың білім сапасын 2 тоқсанға қарағанда 2% арттыру;
2. 3 тоқсандағы білім беру стандартының орындалуын бақылау.

№7 сұрақ бойынша С.К. Смаилова ТЖБ қорытындысын бақылау бойынша анықтама берді. Барлық ТЖБ алдын – ала бекітілген кестеге сай өткізілді. Әр сыныпта күніне 3 ТЖБ артық өткізілмейді. Барлық пән мұғалімдері ТЖБ талдауларын жасап, қатемен жұмыс жүргізді. Орындалмаған мақсаттар бойынша жүргізілетін іс – шаралар жоспарлады.

**Сөз сөйлегендер:**

Альмагамбетова С.Ж. –ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда оқушылардың деңгейіне қарай берілуі керек. Кейбір мұғалімдер дайын БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын алып оқушылардың білім сапасына кері әсер етеді.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастыруда жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

№8 сұрақ бойынша шығармашылық топ мүшелері жүргізіліп жатқан іс – шаралар бойынша есеп берді. Шығармашылық топтың жұмыс жасау мақсаты сапалы сабақ жүргізуде және пән бойынша білім сапасын артыруда қолданылатын әдіс – тәсілдер құрастыру. Топ мұғалімдері әдіс – тәсіл құрастырып өздерінің сабақтарында апробациядан өткізіп бір – бірімен бөліседі. Содан соң бір – бірінің құрастырған әдіс – тәсілдерін сабақтарда қолданып, тиімді, тиімсіз жақтарымен бөліседі. Жаңадан құрастырылған әдіс – тәсілдердің тиімділігімен бөлісті.

**Сөз сөйлегендер:**

Мухитова Н.Б. – Сабақ өткізу барысында оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін арттыруға бағытталған бірнеше тәсілдер қарастырылуда. Кез – келген ойынды, жағдайды әдіске айналдыруға болады.

**Қаулы етеді:**

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Ақпан айында шығармашылық топ мектеп мұғалімдерімен оқыту семинарын өткізу;

ӘК төрайымы:  Смаилова С.К.  
Хатшы:  Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта  
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. орынбасар
3	Сергазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн.орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ерғали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наилович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Кайратовна	Мұғалім
24	Табиғатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгуль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Рақыш Б.	Мұғалім
32	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер
33	Рақыш Қ.Н.	Педагог - психолог